

## Қысқаша әдіснамалық түсініктемелер

Өнеркәсіптік өндірістің құндық көріністегі көлемі – өзінің күрделі құрылыс тараптарына және өнеркәсіптік емес бөлімшелерге өткізуге немесе өзінің қызметкерлеріне еңбек ақы есебінде беруге, сондай-ақ тапсырыс бойынша орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған кәсіпорындардың өзі шығарған (өз шикізаты және материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты және материалдарынан дайындалған), барлық дайын бұйымдардың (өнімдердің), жартылай фабрикалардың құны.

Өнеркәсіптік өнімнің (тауарлар мен көрсетілген қызметтердің) құны өз шикізаты мен материалдарымен қатар тапсырыс берушінің шикізаты мен материалдарынан өндірілген дайын өнімдер құнының, өзі өндірген өнімдері құнының (зауытшілік айналым құнын есепке алмай), басқаға көрсетілген өндірістік сипаттағы қызметтер құнының сомасы ретінде анықталады. Тапсырыс берушінің шикізаты мен материалынан дайындалған өнімнің құны өндеу құны бойынша (алыс-беріс шикізаты мен материалының құнын есепке алмай) анықталады. Өнеркәсіптік сипаттағы жұмыстар, көрсетілетін қызметтер жұмсалған бұл ретте жеке қосалқы материалдардың құнынсыз өнеркәсіптік өндіріс көлеміне енгізіледі.

Тұтас және жекеленген қызмет түрлері бойынша құндық көріністегі өнеркәсіптік өндірістің көлемі меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалар мен олардың оқшауланған бөлімшелері өндірген өнеркәсіптік өнімдердің өнеркәсіптік сипаттағы тауарлар мен қызметтердің көлемі туралы деректер сомасы ретінде анықталады. Өнеркәсіптік өндірістің (тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің) көлемі құндық көріністе өндіруші бағасында (қосылған құн салығынсыз және акциздерсіз) есептеледі.

Өнеркәсіптік өнімнің көлемі бойынша жиынтық деректер үй шаруашылықтарының секторын іріктеме тексеруді қоса өнеркәсіптік өнімдердің өндірісімен айналысатын жеке кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер шаруашылығының қызметтерін есепке алумен барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық тобы бойынша келтірілген.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі – бұл салыстырылып отырған кезеңдердегі өнеркәсіптік өнім көлемінің өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Өнеркәсіптік өндіріс индексін есептеу үшін жеке (тауарлық) индекстерді экономикалық қызмет түрлері бойынша индекстерге келесі кезең-кезеңмен агрегациялау өкіл-тауарлардың белгіленген жиыны (себет) бойынша заттай көріністегі серпініне негізделген әдісі қолданылады. Іріленген жиынтықтар үшін индекстер осы жиынтықтарды құрайтын элементтерден орташа өлшем ретінде есептеледі.

Заттай көріністегі өнеркәсіптік өнім өндіру көлемі – бұл өнімнің нақты түрлерінің заттай көріністегі шығарылымы. Заттай көріністегі өнеркәсіптік өндіріс көлемі жалпы шығарылым, яғни аталған кәсіпорын ішінде өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне жұмсалған және өңделме шикізаттан өндірілген өнімдер қоса есептеледі.

Өнеркәсіптік өнімнің заттай көріністегі көлемі туралы көрсеткіші өнеркәсіптік өнімдердің өндірісімен айналысатын жеке кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер шаруашылығының қызметтерін есепке алумен барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық тобы бойынша келтірілген.

## Сізге толығырақ ақпарат қажет пе?

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі индикаторларын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсынан таба аласыз.

«Қазақстан және оның өңірлерінің өнеркәсібі» статистикалық жинағы 2018 жылғы қазанда шығарылады және «Ресми статистикалық ақпарат/Жинақтар, тоқсандық басылымдар, талдамалық материалдар және электронды кестелер» бөлімінде орналастырылады. Жинақта өнеркәсіп өнімнің көлемі, өнеркәсіптік өндіріс индексі, республика облыстарының қызметі түрлерінің құрылымы туралы материалдар берілген. Сондай-ақ, «Ресми статистикалық ақпарат/Жедел деректер (жедел ақпарат, бюллетендер)» бөлімінде өнеркәсіп статистикасы бойынша бюллетендер мен жедел ақпараттар орналастырылған.

## Сіздің басқа да сұрақтарыңыз бар ма?

Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасына хабарласыңыз:

### Әсел Сауқымбекқызы Шауенова

Басқарма басшысы  
Тел. +7 7172 749056  
E-mail: [a.shauenova@economy.gov.kz](mailto:a.shauenova@economy.gov.kz)

### Данияр Оспанәліұлы Сариев

Бас сарапшы  
Тел. +7 7172 749309  
E-mail: [a.sariev@economy.gov.kz](mailto:a.sariev@economy.gov.kz)

### Біздің мекенжайымыз:

Қазақстан Республикасы, 010000  
Астана қаласы, Мәңгілік ел 8  
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс  
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011  
Факс: +7 7172 749546  
E-mail: [kazstat.rk@gmail.com](mailto:kazstat.rk@gmail.com)  
Интернет-ресурсы: <http://stat.gov.kz>  
Таралымы: 300 дана



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)


## Қазақстан Республикасының өнеркәсібі



## Сіз білесіз бе...

- Қазақстан Республикасының жалпы қосылған құнының шамамен үштен бірі өнеркәсіпке тиесілі
- «Қашаған» кен орны әлемде «қара алтынның» өндірісі бойынша 9-орынды иеленеді

### Өнеркәсіптік өндіріс индексі мен көлемі



### Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндіріс индекстерінің серпіні

	өткен жылға пайызбен				
	2013	2014	2015	2016	2017
Өнеркәсіп - барлығы	102,5	100,3	98,4	98,9	107,3
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	103,3	99,7	97,5	97,3	109,3
Өңдеу өнеркәсібі	101,9	101,1	100,2	100,6	105,6
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	100,5	102,6	98,5	100,5	105,3
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	88,6	95,3	91,3	95,6	101,8

### Өңірлер бөлінісінде өнеркәсіптік өндіріс индекстерінің серпіні

	өткен жылға пайызбен				
	2013	2014	2015	2016	2017
<b>Қазақстан Республикасы</b>	102,5	100,3	98,4	98,9	107,3
Ақмола	100,4	105,6	106,4	104,3	101,1
Ақтөбе	102,5	96,7	95,6	100,2	105,6
Алматы	102,7	102,0	104,8	97,4	104,8
Атырау	108,8	99,7	101,0	102,2	121,2
Батыс Қазақстан	99,8	103,9	94,7	98,9	103,4
Жамбыл	107,4	105,7	91,3	102,4	103,6
Қарағанды	102,1	103,7	106,8	105,1	105,5
Қостанай	100,6	100,2	81,8	98,8	105,4
Қызылорда	100,4	97,1	91,3	90,7	96,1
Маңғыстау	102,1	103,5	96,0	96,9	100,9
Оңтүстік Қазақстан	102,3	104,6	103,1	104,4	104,3
Павлодар	99,2	96,1	96,1	101,4	106,5
Солтүстік Қазақстан	105,1	103,2	101,1	100,5	108,5
Шығыс Қазақстан	105,8	100,4	92,6	105,0	100,7
Астана қаласы	106,7	98,0	105,1	100,9	110,8
Алматы қаласы	105,5	102,2	95,1	100,1	105,1

### Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыс істейтін кәсіпорындар мен өндірістердің саны

	бірлік				
	2013	2014	2015	2016	2017
Өнеркәсіп - барлығы	11 843	11 296	11 619	11 884	12 385
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	976	1 229	1 297	1 345	1 458
Өңдеу өнеркәсібі	8 709	7 894	8 082	8 236	8 528
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	948	1 008	1 005	1 032	1 087
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	1 210	1 165	1 235	1 271	1 312

### Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өнім өндірісінің (тауарлар, қызметтер) көлемі

	млн. теңге				
	2013	2014	2015	2016	2017
Өнеркәсіп - барлығы	17 833 994	18 529 225	14 931 378	19 026 781	22 746 821
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	10 696 926	11 060 179	7 521 180	9 397 619	11 568 785
Өңдеу өнеркәсібі	5 852 592	6 089 645	5 978 008	8 046 845	9 357 461
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	1 119 063	1 210 167	1 256 429	1 384 129	1 582 299
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	165 413	169 234	175 761	198 189	238 277

### 2017 жылғы өңірлер бойынша өнеркәсіп өнімдері көлемінің өзгеруі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



### Заттай көріністегі өнімдердің өндірісі

	2013	2014	2015	2016	2017
Көмір-барлығы, мың тонна	119 573,8	114 562,6	107 318,2	103 059,0	112 293,6
Мұнай, мың тонна	69 483,3	67 907,7	66 520,6	65 569,6	72 924,9
Газ конденсаты, мың тонна	12 303,4	12 917,9	12 935,7	12 462,2	13 269,5
Табиғи газ, млн. текше м	42 404,8	43 437,8	45 506,5	46 676,5	52 921,1
Мыс кендері, мың тонна	41 291,3	38 368,9	42 420,1	78 496,1	95 009,3
Құрамында алтыны бар кендер, мың тонна	13 973,2	15 215,1	19 325,5	18 590,1	20 249,0
Қорғасын-мырыш кендері, мың тонна	7 270,5	6 640,2	6 849,0	5 753,7	5 894,9
Хром қойыртпалары, мың тонна	4 192,7	4 475,7	4 198,4	4 148,9	4 599,0
Ет және тағамдық қосымша өнімдері, тонна	210 268	218 868	228 277	220 331	248 043
Өңделген сұйық сүт және кілегей, тонна	440 347	472 866	453 646	472 405	483 085
Ұн, тонна	3 880 585	3 882 999	3 741 246	3 974 095	3 910 080
Қант, тонна	356 867	374 717	283 818	458 174	372 035
Ірі тартылған ұн және түйіршіктер мен өнімдер, тонна	49 285	60 153	50 110	57 515	70 554
Бензин, мың тонна	2 745,0	3 023,6	2 869,4	2 947,8	3 057,8
Керосин, мың тонна	408,7	414,4	308,4	256,7	299,5
Сұйытылған пропан және бутан, мың тонна	2 041,3	2 127,3	1 935,0	2 111,1	2 315,3
Газойльдер, мың тонна	5 140,5	5 039,0	4 487,5	4 651,5	4 352,2
Мазут, тонна	3 734,3	3 876,7	3 899,4	3 100,8	3 364,5
Ферроқорытпалар, тонна	1 706 931	1 715 137	1 741 920	1 826 340	1 934 774
Тазартылған қорғасын, тонна	91 072	127 064	120 108	134 144	147 328
Мырыш, тонна	320 150	324 946	323 848	325 820	331 018
Тазартылған мыс, тонна	352 061	294 808	394 641	408 435	426 191
Электр энергиясы, млн.квт.сағ	92 615,7	94 643,2	91 645,1	94 642,4	103 128,0
Жылу энергиясы, мың Гкал	94 098,6	83 705,7	82 975,5	84 040,0	82 265,4
Табиғи су, млн. текше м	2 844,6	2 778,0	2 751,6	2 778,0	2 758,8

### 2017 жылдағы өңірлер бойынша өнеркәсіп салаларының құрылымы

